АТЫРАУ ОБЛЫСЫ
ЖЫЛЫОЙ АУДАНЫ
КӘСІПКЕРЛІК БӨЛІМІ

АТЫРАУСКАЯ ОБЛАСТЬ
ОТДЕЛ
ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВА
ЖЫЛЫОЙСКОГО РАЙОНА

БҰЙРЫҚ

12.12.2024 ж.
Құлсары қаласы

ПРИКАЗ

№ 12
город Кульсары

Бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы

Жылыой ауданы әкімінің 2024 жылғы 04 сәуірдегі №8 «Жылыой ауданы аумағында жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы» шешіміне, Жылыой ауданының әкімдігінің 27 қыркүйек 2024 жылғы №236 «Ауданның аумағындағы табиғи сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға резервтен қаражат бөлу туралы» қаулысына және «Мемлекеттік сатып алу туралы» ҚР Заңының 39-бабының 3-тармағының 4-тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Жылыой ауданы аумағында жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдайларды жою мақсатында бөгет жұмыстарында қызмет етіп жүрген азаматтарды (қажеттілікке байланысты) және әскери сарбаздарды ыстық тамақпен және тұрғын үйді жалға алу қызметтері бойынша тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен Заңның 39-бабының 3-тармағының 4 тармақшасын негізге ала отырып жүзеге асыру.

2. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруға және өткізуге жауапты есепші Ж.Баймагамбетова:

– Мемлекеттік сатып алу туралы ҚР Заңының 39-бабының 3) тармағының 4-тармақшасында көзделген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидатын сақтай отырып, өнім берушіні айқындасын;

– өнім берушіге веб-портал арқылы электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған шарт жобасын жіберсін.

3. Тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден сатып алу туралы шешім қабылдау жауапкершілігін өзіме қалдырамын.

Бөлім басшысы **А.Мирамбаев**

Бұйрықпен таныстым: Ж.Баймагамбетова